

Әкімшілерге білім беру мекемесінің парақшасында мәліметтерді толтыру қажет.

«Мектепке әкімшілік ету» бөліміне өту үшін:

- көк жолақтағы басты мәзірде «Мектеп» - «Менің мектебім» бөлімін таңдау;
- ашылған парақшада «бұранды кілтті» басу;
- «Параметрлер» блогындағы «Қосымша мәліметтер» тармағын басу.

Мектеп параметрлері

Ұйым туралы

Қосымша мәліметтер

Байланыстар

Функция

Логотип

Оқшаулау

Мекеменің деректемелерін толтыру үшін «**Параметрлер**» блогындағы «**Қосымша мәліметтер**» тармағын басып, келесі деректерді енгізу қажет:

- заңды тұлғаның толық және қысқаша атауы;
- **БСН**;
- лицензия:
 - лицензияның тіркелу нөмірі;
 - бланк сериясы;
 - бланк нөмірі;
 - әрекет етудің басталу күні.
- мем. аккредитация туралы куәлік:
 - куәліктің тіркелу нөмірі;
 - бланк сериясы;
 - бланк нөмірі;
 - әрекет ету мерзімі.

Деректерді енгізіп, тексергеннен кейін «**Сақтау**» батырмасын басу қажет.

Файлдарды жүктеу мүмкіндігі де бар. Файлдарды жүктеу үшін:

- сканерлеу арқылы құжатты алдын-ала дайындау;
- содан кейін «**Файлдар**» блогындағы парақтың төменгі жағында «**Файлды таңдау**» батырмасын басу қажет.

Файлдар

Куәлік бланкісі	<input type="button" value="Файлды таңдау"/>	Файл таңдалмаған
Жарғы	<input type="button" value="Файлды таңдау"/>	Файл таңдалмаған
Штаттық кесте	<input type="button" value="Файлды таңдау"/>	Файл таңдалмаған

Жүктелген файлдардың максималды мөлшері - 3МБ.

Келесі форматтар қабылданады: jpg (jpeg), gif, png, mp3, doc (docx), xls (xlsx), ppt (pptx), txt, rtf, pdf, odt, odf, odp, ods, odg, zip, rar, tar, gz, bz2, epub, mobi, fb2.